



Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



№12 (601)
27 наурыз,
2025 жыл

Хәлің қалай,

ҚАЗАҚ АНИМАЦИЯСЫ?



– Балаларым YouTube-тан көбіне орысша мультфильмдерді қарайды, – деді балалар дәрігеріне кезекте отырған бір ана баласының қолындағы гаджетке қарап.
– Менің де ұлым солай... Қазақша мультфильмдердің саны артты. Десек те сапасы, сөйлеу тілі кейде көңілімінен шықпайды, – деді тағы бір ана назын жасырмай.

Көрген көзде, естіген құлақта айып жоқ. Осы екі аның сөзі қазақ анимациясының бүгінгі жай-күйі туралы ойға жетеледі. Балаларымыз мультфильмнен қандай тәрбие, құндылықтар алып жатыр? Бұл – тек мәдениет мәселесі емес, сонымен қатар ұрпағымыздың денсаулығы, ұлттық рух пен ана тіліміздің тағдыры. Бүгін қазақ анимациясы мен қазіргі қазақ тілді мультфильмдердің сапасына түскен сызат туралы сөз қозғамақпыз.

Қайран, қазақ мультфильмі...

Қазақ мультпликациясының тарихы Өмен Қайдаровтың еңбегінен бастау алады. Оның 1967 жылы түсірген «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» атты туындысы осы өнердің алғашқы қарлығашы болып, көрерменнің жүрегіне жол тапты. Бұл фильм қазақы нақышта жасалған алғашқы анимация ретінде ерекше танылды. Араға 58 жыл салса да, бұл туынды әлі де қазақ анимациясының алтын қазынасы болып қала бермек.

Десе де қазақ мультипликациясы сол бір уақыттан бастап бірнеше кезеңнен өтті. Әрине, уақыт өте келе техника, анимациялық стиль өзгерді, бірақ басты идея сол күйінде қалуы керек еді: қазақы болмыс пен рухты сақтау. Бірақ қазіргі заманда бұл мәселе әлдеқайда күрделеніп кеткенін байқап жүрміз. Сапаға мән беретін заманда неліктен ауыз толтырып айтарлықтай туындылар аз? Балалар «Алдар көсе» мен «Қошқар мен текеден» гөрі тілсіз «Том мен Джерриді», «Ну, погоди»-ді артық көреді. Оған себеп те бар секілді. Тілдік қателіктер, қызықсыз сюжет, сұрықсыз анимацияның өзі көрерменді мезі еткені рас.

5-бетте



ДӘУЛЕТ ЖАДЫРАСЫН:

ҚОҒАМНЫҢ ДЕРТІ ӘДЕБИЕТТЕ КӨРІНІС ТАППАЙ ҚОЙМАЙДЫ

Дәулет Жадырасын – Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, қазіргі қазақ поэзиясының жас әрі жарқын өкілі. Ол 1999 жылы 5 ақпанда Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Кәукей ауылында дүниеге келген. Өлеңдерінде адами құндылықтарды, өмірдің мәні мен қоғамдағы түрлі құбылыстарды жүрек түкпіріндегі терен пірімдермен ұштастыра отырып суреттейді.

Республикалық және облыстық, сондай-ақ түрлі әдеби байқаулардың жеңімпазы атаған Дәулеттің өлеңдері бүгінде жас оқырмандар арасында үлкен сұранысқа ие. Қазақ поэзиясына жаңа леп әкеліп, өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған жас ақынның былтыр «Тығылмақ ойнамаймын» атты кітабы жарық көрген болатын. Осы орайда ақынмен әдебиет хақында азды-көпті әңгіме орбттік.

– Дәулет, қанша жасыңыздан бастап қалам тербеп келесіз? Алғашқы өлеңіңіз есіңізде бар ма?

– Бастауыш сынып оқып жүргенде мұғалімнің тапсырмасына сәйкес Астана туралы өлең жазғаным есімде. Жақсы баға алу үшін бір сөз «ақын» болу барлық оқушының басынан өткен шығар. Өкінішке қарай, толық мәтіні есімде жоқ...

– Қаламгерлер арасында сізге кім үлгі болды? Шығармашылығыңызға әсер еткен белгілі бір оқиға немесе тұлға бар ма?

– Нақты бір тұлғаны үлгі етіп көрмеймін, қайсыбір қаламгердің жақсы тұсын көрсем, соны бойға сіңіргім келіп тұратыны бар. Яғни әркімнен әртүрлі жақсылықты жинауға бейілмін. Ол бірінің мінезі, бірінің тәрбиесі, жазу стилі, ақыл-ойы және тағы басқа тұстары болуы мүмкін. Ал шығармашылыққа алғаш бастан өткерген кез келген сезім әсерін тигізді деуге болады. Менің ойымша, әрбір сөз, мейлі ол жарқын естелік болып саналмаса да, адамның ой-өрісіне ықпал етпей қоймайды. Себебі әрбір елеусіз сөздің өзі – ақпарат. Біз санамызда қандай ақпарат бар, соны ғана жазамыз. Сондықтан мәселе көзқараста деп есептеймін. Қала көшелеріне бір сөтке «шикізат» ретінде көз тастаған қаламгер, сөзсіз, мына дүниенің бекер еместігін сезінер еді.

4-бетте

ӨМІРІҢДІ «ӨЗГЕРТЕТІН» КІМДЕР?

«Өміріңді өзгертуге дайынсың ба?», «Бай болудың 5 құпиясы» – әлеуметтік желіні ашқан болды, осындай айғайлаған жарнамадан көз сүрінеді. Өзін коуч, психолог, мотиватор деп таныстыратындар көбейді. Бірақ олардың бәрі шын маман ба? Әлде ақша табудың жаңа әдісіне көшкен кәсіпкерлер ме? Кім болса да, жарнама жұлдыздарына көңілі толмайтындар көбейеді. Халықтың бірі «алдандым» дейді, енді бірі «қурстың нәтижесі болмады» деп қапалауда.

Бұрабайда өткен Ұлттық Құрылтайда Мемлекет басшысы «Қазір жұртқа ақыл айтып ақша табатын жалған психологтар мен «коучтар» көбейіп кетті. Оларға сеніп, алданып қалғандар көп. Маған бұл туралы көптеген шағым түсіп жатыр. Жауапты органдар бұл мәселені де назарға алуға тиіс» деді. Бұл – мәселенің ауқымын нақтылап бергендей.

Жуырда 37 жастағы Гүлжан Хамитовамен осы тақырып төңірегінде сөйлестік. Атыраулық әйел 200 000 теңгесінің ауаға кеткенін айтады.

– Өмірімде қиын кезеңдер болды. Жолдасыммен ажырастым, жұмысымнан шығып қалдым. Сол кезеңде өмірімді өзгерткім келді. Бұйырғандай, Instagram-да бір коучтың «Энергияңызды көбейтіп, қаржыңызды арттырыңыз» деген жарнамасын көрдім. Жүздеген адамның жазған оң пікірін оқыдым. Әрине, әуелде



сенбедім, бірақ п а р а қ ш а с ы н қарасам, кәсіби маман сияқты көрінді. Тікелей эфирлер өткізіп, «өмірді өзгертуге болады» деп сендіріп тұр. Ақыры 200 000 теңгеге курс сатып алдым, – деп әңгімесін бастады ол.

Айтуынша, олар «курсақа қатысқаның, энергияңды күшейеді» деп сендірген.

3-бетте



ҚАЙСАР ҚЫЗДАР ҚУАНТЫП ТҰР

Жуырда Сербия елінің Ниш қаласында өткен бокстан Әлем чемпионатын ел жақсы біледі. Бәсі биік долада қазақ қыздары ерлік жасап, ел мерейін үстем етті. Көк туды көкте қалықтатып, 3 рет әнұранымызды шырақтатып. Жер-жаһанға мықты екендерін дәлелдеп, төбемізді көкке жеткізді. Әлемнің түкпір-түкпірінен келген спортшылардың арасында оза шауып, «Азиядағы ең үздік құрама» атанды. Бұған дейін де дәлелдеп келдік қой, бірақ бұл жолғы жеңістің жөні тым бөлек.

7-бетте



ЕСТІ ҰРПАҚ ПЕН ЕСКІ ҰҒЫМ

«Есті ұрпақ» – бұл тіркес бір қарағанда мақтау сияқты көрінеді. Бірақ оның арғы жағында қоғамның ескі көзқарасы мен жаңаша ойлайтын буынның арасындағы күрделі қарым-қатынас, көрінбейтін шекара мен ашық емес әңгімелер жатыр. Біреулер «есті» деген сөзге үміт артады. Біреулер оның астарына сенімсіздік қосып, «бәрібір біз көргенді көрмеген» деп сыни қабақ танытады. Бұл – жай сөз емес. Бұл ұрпақтар арасындағы үнсіз қақтығыстың көрінісі.



Біз бұрынғыдай «бастық не дейді, соны істейміз» деген қоғамда өмір сүріп жатқан жоқпыз. Бүгінгі жастар – шешім қабылдайтын, сұрақ қоятын, өзін табуға тырысатын, ішкі дауысына құлақ асатын буын. Оларға бұйыру емес, түсіндіру керек. Түсіндіру үшін алдымен тындау керек. Ал тындай алмаған қоғам ешқашан түсіне алмайды. Есті ұрпақ ең алдымен – тындауды талап ететін ұрпақ.

2-бетте

Басы 1-бетте

ЕСТІ ҰРПАҚ ПЕН ЕСКІ ҰҒЫМ

Мен жақында бір жас жігітпен жолықтым. Ол университеттің екінші курсына оқиды. Түрінен нұр шашып тұрмаса да, жанарында тереңдік бар. Әңгіме арасында:

– Аға, кейде мен ата-анама ішімдегіні айтқым келмейді. Себебі олар мені тыңдауға емес, өз ойларын айтып, мені «түзетуге» дайын тұрады, – деді.

Мен үнсіз қалдым. Бұл сөз – жалғыз оның емес, мындаған жастың жүрегінде жатқан үнсіз жанайқай. Біз олардың не сезінетінін емес, неге біздей емес екенін көбірек ойлаймыз. Сол себепті де олар кейде өзімізден алыстап бара жатқандай көрінеді.

Ескі түсінік – ақылды үнсіздіктен таниды. Есті ұрпақ – ақылды сұрақтан табады. Ескі түсінік – тәртіптілікті иіліп тұрудан көреді. Есті ұрпақ – тәртіптілікті шекарасын сақтай отырып еркін сөйлеуден іздейді. Ескі көзқарас үшін үндемеу – тәрбие, ал жаңа сана үшін үндемеу – тұншығу. Осы қарама-қайшылықтың түйіні тарқатылмаған сайын, ұрпақтар арасындағы алшақтық кеңейе береді.

Мәселе тек жас пен кәрінің диалогында емес. Мәселе – ұғымдардың тіршілігінде. Ескі түсінік – өз тәжірибесін жалғыз ақиқат санайды. «Біз кезінде он шақырым жаяу мектепке бардық», «біз аш жүрсек те оқыдық» деген естеліктер өмір шындығы. Бірақ олар бүгінгі күннің өлшемі емес. Өмірдің контексті өзгергенде, әдісі де, тәсілі де өзгеруі заңдылық. Қоғам да, тәрбие де, талап та трансформациядан өтуі керек.



Өйткені бұл – даму заңы.

Есті ұрпақ – бүгіннің емес, ертеңнің адамы. Олар бүгін не көрсе де, ертең соны басқаша жасағысы келеді. Олар ескіге қарсы емес, бірақ соған ғана тәуелді болуға қарсы. Олар естен танбайды. Олар есті болуды – тек ақылды болу емес, сезімді, сергектікті, ізденісті қатар ұстау деп біледі.

Кейде үлкендер жағы бүгінгі ұрпақты «өте әлсіз», «тез

ренжиді», «тез шаршайды», «ынжық» деп сипаттайды. Бұл да белгілі бір деңгейде рас шығар. Бірақ біз олардың сезімін ашық айтуын әлсіздік деп қана қабылдай берсек, қоғамның психологиялық саулығын кеш қалдырамыз. Себебі бұл ұрпақ – эмоцияны жасыру емес, оны сауатты басқару, тану, түсіндіру дәуірінде өсіп келеді. Бұл – прогресс. Бұл – ішкі мәдениеттің көрінісі.

Олар медитация жасайды,

психотерапевтке барады, ішкі күйі туралы ашық жазады. Бұл бұрынғы буын үшін оғаш көрінер, бірақ бұл – өз-өзіне жанашыр болудың белгісі. Жаңа ұрпақ өмірдің тек сыртқы жетістігіне емес, ішкі үйлесіміне мән береді. «Көп ақша табу», «атаққа ие болу» секілді критерийлердің орнына, олар үшін «өзін табу», «мағына сезіну», «еркін өмір сүру» секілді ұғымдар маңыздырақ.

Бүгінгі ұрпақ – бір ғана

мамандықпен шектелгісі келмейді. Олар бір уақытта бірнеше істі қатар алып жүргісі келеді. Білімді өмірдің кез келген саласында қолдануға тырысады. Бұл ұшқалықтық емес, бұл – кешенді ойлаудың нәтижесі. Ал ескі түсінік «бір маман – бір жол» десе, есті ұрпақ «бір адам сан қырлы бола алады» дейді.


Бүгінде ұрпақтар арасындағы диалог болмаса, даму жүрмейтінді. Диалог – тек тыңдау мен сөйлеу ғана емес. Ол – түсіну, қабылдау, өзгеруге ниет білдіру. Қоғам тек қарттар мен жастардан тұрмайды. Ол – арадағы көпірлерден, диалог алаңдарынан, екі буынның бірін-бірі көре алатын кеңістіктерінен тұрады.

Меніңше, есті ұрпақ – қоғамды жаңартады. Бірақ олар ескі түсінікті түгелдей ысырып тастап емес, оның ішіндегі құнды дүниелерді сақтап, жаңаша мән беріп, жаңа жүйеге қосуды қалайды. Олар өз жолын іздейді, бірақ ешкімнің жолына тас қойғысы келмейді. Бұл өзара қарсылықтық емес. Бұл ұрпақ арасындағы өзіндік ойы бар серіктес деуге болады.

Жалпы, ескі түсінік пен есті ұрпақтың арасында дау емес, диалог орнаса ұлт ұтады. Бұл екі ұғым бір-біріне жау емес. Олар – бір кемеңнің жолаушылары. Кеме алға жылжу үшін дауылды да, дабыраны да емес, бағытты қажет етеді. Ал бағытты бірге табу – бүгінгі ұрпақтың ғана емес, баршамыздың міндетіміз.

АҚСҰҢҚАР

ЖАСТАР ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



БОТАНИКАЛЫҚ САЯБАҚҚА ТАЛ ЕГІЛДІ

Қызылорда. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен, «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында Ботаникалық саябаққа тал егілді. Бұл экологиялық шараның мақсаты – елімізде жасыл желектердің санын арттырып, қоршаған ортаны қорғауға үлес қосу.

Шараға Жастар ресурстық орталығының қызметкерлері мен ерікті жастар белсене қатысып, бірлесіп тал егіп, табиғатқа қамқорлық танытты. Бұл бастама табиғаттың сақталуы мен экологияның жақсаруына үлкен әсерін тигізетіні сөзсіз.

Әрбір егілген тал – болашақ ұрпақ үшін жасалған жақсы істің дәлелі. Бұл экологиялық бастамалар еліміздің таза әрі жасыл болашағына жол ашады.

«ЫНТЫМАҚ КҮНІ» КЕҢ АУҚЫМДАҒЫ ШАРАЛАР ӨТТІ

Арал. Наурызнаманың онкүндігі аясындағы мерекелік шара «Ынтымақ күніне» орай «Армысың, Өз-Наурыз!» атты мерекелік шарамен бастау алды.

Сән-салтанаты келіскен орталық алаңдағы кең ауқымдағы шараға жиналған жұртшылық Наурыз мерекесінің мәнін айшықтайтын қолөнер және тарихи жәдігерлер көрмесі, ұлттық ойындардан сайыстар, балықшы қауымының өмірін бейнелейтін көріністер мен ауыл тұрмысына тән түрлі қойылымдарды тамашалады.

Бұл күнгі шаралар арнайы атау берілген киіз үйлерде өтті. «Ұлыс» үйінде «Құрсақ шашу» дәстүрінің қойылымы және «Наурыз – құт-береке бастауы» кітап көрмесінің таныстырылымы болса, «Табиғат» үйінде «Ұлттық өнер – ұлт мұрасы» қолөнер бұйымдарының жасалуы бойынша шеберлік сағаты өтті.

«Руханият» үйінде «Жас жыршылар керуені» салтанат құрса, «Салтанат» үйінде «Ұлттық құндылықтар тәрбиенің түп қазығы» атты шаш өру, шашбау тағу, шаш қап дайындау бойынша шеберлік сағаттары болды. «Толағай» үйінде Ұлттық спорт түрлері – қазақ күресі, асық ату, садақ ату, бес асық, тоғызқұмалақ ойындарынан сайыс, «Жас өркен» үйінде «Шаңырақ көтеру», «Босаға майлау» ұлттық салт-дәстүрлерінен қойылым болды.

«Бірлік» үйінде «Қыз алып қашу» дәстүрінің қойылымы көрсетілсе, «Қара шаңырақта» Мұражай және архив заттарының таныстырылымы өтті. «Мейірім» үйінде жергілікті өнімдер көрмесі, «Еңбек» үйінде «Жұмысшы мамандықтары – табысты өмірдің кепілі!» атты жұмысшы мамандықтарды насихаттау шарасы, «Женіс» үйінде Ұлы Отан соғысына қатысты құжаттар мен экспонаттардың таныстырылымы және «Шаттық» үйінде «Ұлттық құндылық – ұлт қазынасы» тақырыбында ұлттық тағамдар бойынша шеберлік сағаты болды. Ал «Аралтұз» үйі «Адал еңбек

– адал табыс» және «Аралтұз» АҚ өнімдерінің көрмесін өткізсе, «Көкарал» үйінде «Тана бау тағу» салт-дәстүрінің қойылымы көрсетілді.

«НАУРЫЗ ДУМАН»

Қазалы. «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесіне орай кент жастарының басын қосқан «Наурыз думан» мерекелік шарасы өтті.

Шараға колледж студенттері, ерікті жастар, орталық қызметкерлері қатысты. Жиналған көпшілікке ыстық бауырсақ пен наурыз көже таратылды.

Сонымен қатар, газару күні аясында Роза Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығының «Шабыт» еріктілер тобы бірқатар игі шара ұйымдастырды.

Алдымен мәдениет орталығының ауласында көгалдандыру жұмыстары жүргізіліп, жаңа талдар отырғызылды. Бұл бастама туған өлкені көркейту мен табиғатты аялаудың маңызды қадамдарының бірі болды.

Еріктілер тобы құрылыс жұмыстары жүріп жатқан «Руханият» нысанына арнайы барып, еңбек адамдарына құрмет көрсетіп, оларды Наурыз мерекесімен құттықтады. Құрылысшыларға наурыз көже мен бауырсақ ұсынылып, ұлттық мерекенің береке мен ырсықа толы дәстүрлері дәріптелді. Өз кезегінде құрылысшылар алғыстарын білдіріп, ортақ мейрамның қуанышын бірге бөлісті.

ЖАСТАР ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРҒА ҚАТЫСТЫ

Қармақшы. Наурызнаманың онкүндігі аясында Ұлттық спорт күніне орай Қармақшы аудандық жастар ресурстық орталығы және Қармақшы аграрлы-техникалық колледжінің ұйымдастыруымен ұлттық ойындардан жарыстар өтті.

Іс-шара жастар арасында ұлттық спорт түрлерін насихаттау, салауатты өмір салтын қалыптастыру және командалық рухты нығайту мақсатында ұйымдастырылды.

Қатысушылар арқан тарту, қол күресі, асық ату және гир тасын көтеру сынды ұлттық және күш талап ететін спорт түрлерінен сынға түсті. Жарыс соңында жеңімпаздар арнайы марапаттармен және алғыс хаттармен марапатталды.

НАУРЫЗ – ІЗГІЛІК МЕРЕКЕСІ

Жалағаш. «Наурызнама» декадасы бойынша «Қайырымдылық күні» аясында Жалағаш аудандық кәсіподағы «Наурыз жылуы» акциясын өткізді. Акцияға кәсіподақ комитеті жанынан құрылған «Жалын» жастар кеңесі мүшелері белсене қатысып, білім қызметкерлерін мерекемен құттықтап, мерекелік наурыз қоржынын табыс етті.

Сондай-ақ Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжінде «Ұлыстың ұлы күні – Наурыз» мерекесіне орай колледж оқу топтарының студенттері арасында ұлттық ойындардан жарыс өткізілді. Жарыстың мақсаты – Наурыз мерекесін жоғары

деңгейде атап өту, студенттердің бойына ұлттық ойындарды сіңіру арқылы қазақтың ұлттық салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары, туған елге, жерге деген сүйіспеншіліктерін ояту, колледж студенттерін спортпен белсенді айналысуға шақыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, жастар арасында ұлттық ойындарды насихаттау және дамыту. Спорттық жарыстарға қатысқан студенттер 1, 2 және 3 дәрежелі дипломдармен марапатталды.

ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ

Сырдария. Наурызнама онкүндігінің «Жаңару мен жаңғыру» күні аясында аудан орталығында ағаш отырғызу акциясы өтті.

Экологиялық акцияға аудан әкімі мен мемлекеттік мекеме қызметкерлері, «Сырдария жастары» еріктілер тобының мүшелері, сондай-ақ тұрғындар да өз үлестерін қосты. Олар көшет отырғызып, туған жердің табиғатын көркейтуге атсалысты.

ТАЗАРУ КҮНІ ТОЙЛАНДЫ

Шиеді. Наурызнаманың соңғы күні – тазару күні, ол жаңа өмірге қадам басуды, қыстан көктемге өтуді білдіреді. Аудан кенті мен барлық ауылында экологиялық акциялар өтті.

Елді мекендерде тазалық жұмыстары жүргізіліп, табиғатты аялау, қоршаған ортаны қорғау мақсатында ауданымыздың тазалығына көңіл бөлінді. Бұл шара әрбір азаматтың табиғатқа деген жауапкершілігін арттырып, қоғамның бірлігі мен экологиялық мәдениетін көтеруге бағытталған.

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮР КҮНІ АТАП ӨТІЛДІ

Жаңақорған. Аудандық қоғамдық даму бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ және «AMANAT» партиясы аудандық филиалы Жаңақорған аграрлы-техникалық колледжі ұйымдастыруымен «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні» атап өтілді.

Іс-шара барысында бір топ жас ұлттық нақыштағы киімдерімен аудан орталығындағы көше бойларын жағалап ән шырқап, жаңадан отау құрған отбасымен бірге құмсағат орнына барды. Жас отбасыға қариялар ақ батасын беріп, ұлттық салт-дәстүрлер паш етіліп, шаңырақтың мәні мен мағынасы туралы тағылымды әңгімелер айтылды.

Шара барысында ақ дастархан жайылып, аудан тұрғындарына «жыл көжесі» берілді. Бұл күн ұлттық өнер мен дәстүрді дәріптеп, мәдени мұрамызды кеңінен насихаттауға арналды.

«АЖ» ақпарат

Басы 1-бетте

ӨМІРІҢДІ «ӨЗГЕРТЕТІН»

КІМДЕР ?

– Өмірің өзгереді, тек айтқанымызды орындасаң болды деді. Мен де сендім. Себебі адамдар пікірлерде «өмірім өзгерді» деп жазып жатты. Ал ол пікірдің көп бөлігін жалған аккаунттар жазғанын кеш білдім. Бірінші күні бізге «барлығын нақты армандау керек. Тек ойыңды өзгертсең болды, ақша өзі келеді» деді. Күн сайын танертен айнаға қарап, «Мен баймын, мен қалағаным жетемін» деп айтуымыз керек болды. Нақты ештеңе үйреткен жоқ. Бес күндік курс тек осындай мотивациялық сөздерден тұрды. Сонында қосымша курс ұсынды, тағы 300 000 теңге төлеу керек екенін айтты. Сол кезде бірдене дұрыс емес екенін түсіндім. Өзіме де, оларға да ашулымын. Адамның осындай жағдайын пайдаланып, ақша табатындар көбейіп кетті. Мен олардың соңғы құрбаны емеспін. Сол үшін бәрі сәк болса деймін. Енді біреудің жылтырақ жарнамасына сене салмаймын. Нақты дипломы, кәсіби білімі бар адамдарға ғана жүгіну керек екенін түсіндім, – деді Гүлжан Хамитова.

Бұл мыңның бірі ғана. Іздесен, қарасаң бұдан да бетер алданғандарды табасың. Мысалы, елордалық 23 жастағы келіншек курс сатып алу үшін көлігін сатқан. Есімін жасыруды сұраған ол, бұл ісіне қатты өкінетінін айтты.

– Жолдасыммен бірге бастаған шағын кәсібіміз бар еді. Соны дамыту үшін бір пайданың тиігенін қаладым. Бір күні «Instagram» арқылы бизнесті дамыту туралы авторлық курстың жарнамасын көзім шалды. Бірақ ұйымдастырушылармен келісім «Telegram» арқылы жүрді. Видеопрезентация, кейстер, акпараттың жазбаша түрін алуға 1 миллионнан астам қаражат аудардым. Құрбыларыма да төлеп, 4 қыз бірге алдық. Төртеуіміздің шығынымызды жабуға көлігімді саттым. Ақшаны қалай аударды, солай ұйымдастырушыларды таппай қалдық, – деп жанайқайын жеткізді тұрғын.

Екі кейіпкерге де «Коучтың білімі туралы сұрадыңыз ба?» деген сауал қойдық. Бірақ екеуі де білімі, сертификаты жөнінде сұрамадық деді. Міне, халықтан ешқандай талап пен

кәсібилікке сұраныс жоқ. Ал сұраныс болмаған жерде айланып асыратындар көбейгенде, кім көбейсін? Мәселенің екінші басы біздің де жауапкершілікке тірелмей ме?

Елде психолог, коучтарға арналған арнайы заң жоқ. Бірақ бұл мәселе кейінгі жылдары жиі айтылуда. Былтыр Жарқынбек Амантайұлы депутаттық сауалында псевдомамандарға тоқталған еді. Депутатпен байланысып, мәселе жөнінде сұрадық.

– Әлеуметтің желінің дамуымен коуч, тренер, марафон, нумеролог, психологтар пайда болды. Бұл – кеңінен етек алған мәселе. Себебі мұндай «мамандарға» алданғандар бар, әлі қатысып жүргендер де бар. Тіпті әр азамат бетпе-бет келіп көрді. Олар «Сананды оятамыз, бизнес ашып береміз» деген сөздермен, маркетингтің түрлі тәсілімен жұртты баурап отыр. Осы мәселе бойынша көп азамат жекеме шығып, оқиғасымен бөлісті. Оған дейін де зерттеп, зерделеп көзім жетті. Тіпті коучты дайындайтын коучтар бар. Жалпы, олар ешқандай оқуды төрт-бес жыл оқымай, қысқамерзімді арнайы курстан ғана өтіп, халықтың сеніміне кіріп отыр. Ал нағыз мамандар көлеңкеде қалып жатыр. Отбасылық құндылықтарға да араласып, денсаулыққа қатысты үкім айтып жатыр. Сондықтан бұл мәселе өзекті. Сол үшін белгілі бір стандарт бекіту керек. Өзінің ақпараттық тәсіліне қорытындысы сай болмайтын коучтарға тыйым салу керек. Сондай-ақ тұтынушының құқығы мықтап қорғалу қажет. Осы мәселеге әріптестерім де алаңдаулы. Түрлі шешімдер ұсынып, жұмыс істеуде. Сол арқылы белгілі деңгейде тосқауыл қоя аламыз. Екіншіден, үгіт-насихат жұмысы жүргізілуі керек, – деді ол.

Иә, бірнеше депутат сауал жолдап, ұсыныстар айтылуда. Мысалы, Ерлан Саиров лотерея ойнатып, курс сатып жүрген коучтарға салық төлеуді міндеттеуді, ал салық органдарына блогерлерге арнап түсіндіру сабақтарын өткізуді ұсынды.

– Кейінгі уақытта әлеуметтік желілерде коуч-

инфлюенсер деп аталатын онлайн лотерея ұйымдастырушылардың заңсыз әрекеттері жиілеп кетті. Олар билеттер мен түбіртектер, туристік пакеттер, құрал-жабдықтар, зергерлік бұйымдар, сәнді жылжымайтын мүліктер мен автокөліктер сатамыз деген желеумен заңсыз лотерея ойындарын өткізеді. Мұндай гивтер мен акциялар заңсыз, – деді депутат.

Сонымен қатар Мұрат Әбенев Мәжіліс отырысында тұтынушылардың құқығын қорғайтын заңдағы өзгертулерге тоқталды.

– Егер коуч тұтынушыға қандай да бір нәтижеге жететінін айтып, уәде берсе оны орындауы керек. Егер өз құзыреті туралы айтатын болса, білімі туралы құжаттарды көрсетуі керек. Егер тұтынушы нәтиже алмаса, онда ол сотқа жүгіне алады, – дейді ол.

Қысқаша айтқанда, мәжілісмендер айланып асыра білген псевдомамандарды азайту үшін коучтар мен бизнес тренерлерді сертификаттауды ұсынды.

Қош. Алдандық, арбалдық. Ал кәсіби маманды қалай ажыратамыз? Алдымен, білімі мен тәжірибесін тексеру. Психологтың дипломы мен лицензиясы болуы шарт. Қазақстанда психологтар арнайы оқу орындарында кем дегенде бакалавр дәрежесін алуы керек. Егер ол психотерапевт болса, қосымша сертификаттары мен клиникалық тәжірибесі болуы керек. Ал коучин ресми ғылым емес, бірақ кәсіби коучтардың халықаралық орталықтардан алған сертификаты болады. Екіншіден, сізге беретін уәделері қандай? «10 күнде бақытты боласын», «Бай болудың құпиясын ашамын», «Жаракатыннан 1 айда құтыласың» деген сияқты сөздер – кәсіби емес коучтардың



белгісі деуге болатыны сөзсіз. Шынайы психологтар нақты уақытын айтпайды, өйткені әр адамның психикасы, қабылдауы әртүрлі. Келесіде қаржылық айлаға мән беруіңіз керек. Себебі псевдомамандар маркетингтің қырсырын жатқа біледі. Мысалы, «Бүгін алсаң 50% жеңілдік», «Курсты қазір алмасаң, болашақта мүмкіндігің болмайды» деп қысым жасайтын мамандардан сақ болу керек. Жарнамасы мықты маман міндетті түрде сапалы маман деген сөз емес. Бастысы – білімін, әдістерін және ұсынатын қызметінің ғылыми негізін тексеру. Егер күмәндансаңыз, тәжірибелі психологтардан немесе ғылыми қауымдастықтардан кеңес алу керек.

Ақылың ақшаға саудалайтындар қиын жағдайдағы адамдардың әлсіз тұстарын пайдаланады. Сертификаты мен білімі жоқ, тек жарнамасына сендіргісі келетін мамандардан сақтану, әрине, әр адамның жауапкершілігінде болу керек. Себебі нақты заң бекітілмейінше, халықтың өзі сақтық танытып, коуч пен психологтың біліктілігін тексеруді әдетке айналдыруы қажет. Әйтпесе, сізді құр сөзбен байытып, қалтаңызды тонайтындар көбейе бермек.

Әлия ТӘЖІБАЙ

ҚЫЗЫЛОРДАДА ҚАУЫН МЕН ҚАРБЫЗДЫҢ БАЛЫ ӨНДІРІЛЕДІ



Бірнеше жылдан бері қызылордалықтар томат, салат, аджика өнімдерін сырттан емес, жергілікті тауарөндірушілерден алуға көшті. Өткен жылдан бері оған түрлі тосаптар қосылды. Халық сүйіп жейтін өнімдерді әзірлеумен айналысатын кәсіпкерлер туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі хабарлады.

Сыр өңіріндегі Шилі ауданына қарасты Бидайкөл ауылындағы Барлыбаевтар әулеті көкөніс пен бақша өнімдерін өсірумен қатар, өңдеумен айналысуды кәсіпке айналдырған отбасы.

Әулеттің көшбасшысы Қанат Барлыбайұлы ең алдымен өз ақшасына кәсіпкерлік мақсатта ғимарат салады. Ал 2023 жылы «Ауыл аманаты» жобасы басталғанда жеңілдікпен несие алып, көкөністерді өңдеуді қолға алады. «Әке көрген оқ жонар» демекші әкесінің жасап жүрген кәсібін қызыққан 25 жастағы Ертуған өзінің ісін бастап көрмек болады. Ертуған Қанатұлының негізгі мамандығы инженер, машина құрастыруға маманданған.

Қанат Барлыбайұлы кәсібін бастағысы келген ұлына қолдау көрсетіп, өз ғимаратынан арнайы орын бөліп береді. Ертуған Қанатұлы бақша өнімдерінен тосап қайнатып, шырын әзірлеуді көздейді. Осы мақсатта «Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығынан 20 млн теңге жеңілдетілген несие алады.

– Былтыр өңірде кәсіпкерлікті қолдау мақсатында облыс әкімінің тапсырмасымен пилот жоба жүзеге асырылып жатқанын естідім. Ол үшін жергілікті бюджеттен қаржы бөлінді.

Бағымды сынап көрмек болып қажет құжаттарды жинап тапсырдым. Орталық өтінішімді қолдап, кәсіпке қажет қаржыға қол жеткізе алдым, – дейді Ертуған Барлыбаев.

Жас кәсіпкер қажет-құрал жабдықтарды Ресейден алдырады. Былтыр күзде өнімдерін шығарып бастады.

– Өзірге қауын, қарбыз, қызанақ тосаптарын шығарып жатырмыз. Сертификатталған. «Қауын балы», «қарбыз балы», «қызанақ тосабы» атауымен өнімдерімізді халыққа ұсынудамыз. Алдағы уақытта шие, өрік, жүзімнен де тосап дайындау жоспарда бар. Бұдан өзге биыл қызанақ, қауын, қарбыз шырындарын шығаруды ойластырып жатырмыз, – дейді жас кәсіпкер.

Әкелі-балалы Барлыбаевтар бүгінде 10-нан астам өнім түрін шығарып жатыр. Өнімдері Қызылорда қаласынан өзге аудандардың дүкендерінде сатылымда.

– Өнімдерімізге сұраныс жоғары. Қызылорда облысынан өзге Қарағанды, Павлодар облыстары мен Астана қаласынан тапсырыстар түсуде. Қазір өзіміз жеткізіп жатырмыз, – дейді кәсіпкер.

«Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығынан жеңілдетілген несие алғаннан кейін Барлыбаевтардың өндірген өнімі екі есе өскен. Былтырдың өзінде 100 000 данадан артық өнімді тұтынушыларға ұсынды. 10 адамды жұмыспен қамтып отыр. Соның ішінде жас кәсіпкер Ертуған Барлыбаевтың жобасы аясында 5 адам жұмыс істейді.

«АЖ» ақпарат



ТЕАТР – МӘДЕНИЕТ ОРДАСЫ

27 наурыз – халықаралық театр күні. Театр – кез келген елдің мәдениеті көрініс тауып, талай тағдырлар тоғысатын, сан түрлі сезім сипатталатын, түрлі тақырыптан сыр шертетін мәдени орда.

Атаулы күнге орай Н.Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық Қазақ академиялық музыка театр директорының орынбасары Серік Жақсығұлов пен қалалық Жастар театрының директоры Нұрмат Мансұр және театрдың көркемдік жетекшісі Оңталап Нұрмаханов Өңірлік коммуникациялар қызметі ұйымдастырған брифингке қатысты.

– Бүгін – театр саласы үшін дәстүрлі мереке. Ұжым болып асыға күтетін күн. Жан-жағымызды түгендеп, айналамызды бүгіндеп, өткенге көз тастап, болашағымызды саралап алатын театр саласының мерекесі. Біздің театрда болған әр туынды көрермен қауымның көз алдында. Қазақ өнерінің тарихына өзіндік орнф бар тұлға Нартай Бекежановтың 135 жылдығына орай О.Бодықовтың «Нартай» драмасы сахналанды. Сондай-ақ, Э.Рудольфтың «Мюнхгаузеннің әлемі» балаларға жане ересектерге арналған буффонада қойылымы қойылды.

Айтулы мерекеге орай, театрмыздың тұрақты көрермендерін 27 наурыз күні болатын «БЕКЕЖАНОВ SHOW» атты ерекше форматтағы мерекелік кешіміздің қадірлі қонағы болуға шақырамыз, – деді Серік Орынбекулы.

– Жалпы біздің қоржынымызда он үшке жуық спектакль бар. «Отырар жасыны», «Ұлардың дауысы», «Неге», «Абай» сынды қойылымдарды біздің театр үйірме кезінен бастап халыққа ұсынған. Былтыр өңірімізде

«Руханият жылы» жылы болғанын білесіздер. Осыған орай Жастар театры 5 премьеря жасады. Атап өтсек, «Оң қол» психологиялық драмасы, «Сезімді қайтейін...» лирикалық драмасы, «Еңлік-Кебек» трагедиясы, «Неге жаным шығарып сала алмадың» лирикалық қойылымы, «Бикештер» комедиясы. Бұл – Жастар театрының былтырғы жұмысы. Алда жоспарымыз бар. 27 наурыз – халықаралық театр күніне орай өзбек халқының шығармасы «Қызыл алма» спектаклін ұсынамыз. Сондай-ақ өзіміздің бір жылғы атқарған жұмысымызға есеп береміз, – деді Нұрмат Абдоллаұлы.

Театрда сахналанатын әр қойылымда режиссердің өз қолтаңбасы болады. Басы, ортасы, аяғы бар дүниені қалыптастыру, қиялына қанат бітіру режиссердің еселі еңбегі екені сөзсіз. Брифингте ақын, режиссер Оңталап Нұрмаханов театрдың маңыздылығын ерекше атап өтті.

– Театр күні тек театр күні емес, адамзаттың «рухани күні» деп аталады. Руханияттың негізгі қара шаңырағы театр болып саналады. Сондықтан да театрға келіп, өзінді өзін көріп, тарихыңды танып, ұлтты ұлықтау бәрі-бәрі осы театрдың қабырғасынан шығып жатады. Театр бір күнде өсіп, өніп, толықпайды. Ол жылдардың жетегінде қоғаммен бірге өсіп, заманмен бірге зерделеніп отыратын өнер, – деді Оңталап Дүйсенәліұлы.

«АЖ» ақпарат

Басы 1- бетте

Дәулет ЖАДЫРАСЫН:

ҚОҒАМНЫҢ ДЕРТІ

ӘДЕБИЕТТЕ КӨРІНІС ТАППАЙ ҚОЙМАЙДЫ



– Былтыр «Тығылмақ ойнамаймын» атты алғашқы жыр жинағыңыз жарық көрді. Кітап қанша данамен шықты? Сондай-ақ кітапты шығару барысында қандай да бір қиындықтар болды ма? Қолдау білдірген жандар жайлы айтып берсеңіз...

– Бұрын баспа ісіне араласпаған және бұл салаға қызығушылық танытпаған адам үшін, әрине, қиындықтар болады. Кітабың оқырманның қолына тигенше атқарылатын шаруалары да аз емес. Бұл жерде барлық жауапкершілікті баспаға артатын адамдар туралы айтып отырған жоқпын. Біз кітап болып басылғанша дизайны, редактурасы, баспасы бар, өзіміз жасауға тырыстық. Кітап 1000 данамен жарыққа шықты. Демеушілік еткен екі адам бар. Біріншісі – Қостанай облыстық мәслихатының төрағасы Сайлаубек Есжанов.

Мен 2023 жылы мәслихат аппаратында жұмыс істеп жүргенде, ағамыз кітап шығару туралы ұсыныс айтқан болатын. Ол кезде өзім де, сөзім де дайын болмады. Алайда бір жылдан соң тұңғыш жинақты шығаруға ниеттенгенде, Сайлаубек Ергазұлы бір сөзге келместен қолдауыңды бергеніңді білдім.

Қолдау білдірген екінші адам – өзімнің жерлес ағам, белгілі журналист, «Құлтөбе» подкастының жүргізушісі Берікбол Төлеген. Ол «кітаптың мұқабасын мен істепіп берейін» деп ағалық пейілің білдіріп хабарласқан болатын. Осы тұлғалардың арқасында арқама ауыр жүк түсе қоймады десем де болады.


– Қазақ поэзиясының қазіргі деңгейін қалай бағалайсыз? Сондай-ақ дәл қазір қоғамда поэзияға деген қызығушылық төмендеп бара жатқан жоқ па? Қалай ойлайсыз?

– Мен де осы процестің «қатысушысы» ретінде баға беруден аулақпын. Бірақ қазақ өлеңі өзі жүріп өтуі керек жолда келе жатқан секілді. Ал қызығушылық мәселесіне келсек, берер жауап оңай. Сіз қазан-ошақ маңайындағы мәселені қозғасаңыз, әрине, сізді сол жердегі адамдар сүйіп оқиды. Ал екіншісі бірі ұға бермейтін үлкен тақырыпқа барсаңыз, сәйкесінше, аудиторияңыз да аз болмақ. Бұл – жалпы әдебиетке қатысты дүние.

Алайда бұл «қапалануға» себеп емес. Жеке пікірім, жаңағы айтқан «үлкен» тақырыпты қарапайым тілмен жеткізгенде ғана прогресс болады. Өз жазғаның өзі де жете ұқпайтын және сонысын оқырманға ұсынып жүрген қаламгерлердің бары жасырын емес. Жәніл ойға жасанды салмақ беріп, сөзді қалай болса солай қолданып, соған «еркіндік» деп айдар тағу – бұл жай ғана әдебиет алдындағы жауапсыздық. Өлеңді жазып, қалғанын оқырманның құзырына қалдыру әйелдің бала туып, жетімдер үйінің алдына тастап кеткені секілді сезіледі.

– Қателеспесем, бүгінде Астана қаласында, Қазақстандық қоғамдық даму институтында жұмыс істеудеісіз. Осындағы қызметіңіз жайлы айтып өтсеңіз...

– Иә, ел астанасына қоныс тепкелі екі жылға жуық уақыт өтті. ҚҚДИ – әлеуметтанулық зерттеулер институты. Мен осы мекемеде қарапайым менеджермін. Көбіне жобалардың ұйымдастыру жұмысымен айналысамын.



– Поэзиядан бөлек сазгерлік қырыңыз да бар. Ән әлеміндегі алғашқы туындыңыз жайлы айтып беріңізші... Қандай музыкалық аспаптарды меңгергенсіз?

– Өлең жазғанның бәрі ақын болмайтыны секілді, екі ән жазып өзімді сазгер деуге хақым жоқ, әрине. Ән тыңдайтыным болмаса, бұл саланы жетік білмеймін. Бұл да өнердің үлкен саласы ғой. Алғаш рет Жандос Жүсіпбек ағамның 2013 жылы жазған «Үмітке» атты тағдырлы туындысына ән жаздым. Жазамын деген ойым болған жоқ, бірақ осы өлеңмен ауырып жүргенде, ішімде бір ыңылдың пайда болғаны рас. Соны домбыраға салғанда «тәп-тәуір» дүние секілді көрінді де, қазалылық Айсауле Қияс есімді әнші әпкеме жібердім. Әпкем ән туралы оң пікірін білдіріп, өзі де орындап қайта жолдады. Нағыз әншінің үнімен бұл ән тіпті сұлуланып шықты. Бірақ тағдырлы туынды әнге айналғанда да жолы жеңіл болған жоқ. «Алыпсатарлардың» қолына түскен ән әлі күнге дейін орындаушысын күтіп жатыр.

Өзім көп адам секілді аздап домбыра мен гитарада ойнай білемін.

– Ақын ретінде оқырмандарыңызға қандай ой тастағыңыз келеді?

– Оқырман қаламгер қауымынан күдерін үзбесе екен деп тілеймін. Қазір әлемжеліні ашып қалсаңыз өлеңнің озығы да, тозығы да, ақсағы да, тоқсағы да жетіп артылады. Жазарманның жайын жоғарыда айттық, ал оқырманға өлең тұста «сараптау» қабілеті керек. Қоғамның «қажетіне жарайтын» туындылар жоқ емес, бар, алайда осы шығармалар біржақты пікірдің артында қалып қоймаса екен деймін.

– Шығармашылық дағдарыс бола ма? Болса, осы кезеңнен алып шығатын әдістеріңіз қандай?

– Иә, болып тұрады. Жазғандарын түкке тұрмайтын секілді көрінеді, әрі қарай жазудан мән көрмейсің. Бұл көбіне сананы тұрмыс билегенде туындайтын жағдай. Басқа кәсіп нелерімен өзіңді, «өнімді» салыстырасың. Сенікі бір қарасаң, өнбейтін бірқалыпты тірлік, басқалардікі тез жеміс беріп жатады. Бірақ мен мұны жөнсіз салыстырудан және өзіңді жақсы көрмеуден деп ойлаймын. Осы кезге дейін айналамадағы тіршіліктің бәрін жақсы көріпін, тек өзімді ұмытыппын. Қазір өзімді жақсы көруді үйреніп келемін.

Дағдарыстан шығаратын нақты әдісім жоқ, жақсы дүниелерді оқысам, көрсем жақсарып қаламын.

– Әр қаламгердің толқұжатына айналған бір туындысы болады. Көзіңізді оқырман сізді «Тығылмақ» атты өлеңіңізбен жақсы таниды. Осы өлеңнің тарихы жайлы тарқатып айтып берсеңіз бе? Ой тастаған әлдебір оқиға болды ма?

– Ол өлеңнің ерекше тарихы жоқ. Ауылда, кара шаңырақта жазылған қарапайым өлең. Быыл «алты жасқа» толады. Ақын Мерген Токсанбайдың «Қара құдық» өлеңін оқып, әсерленгенім есімде. Онда «балалығымды» сол кара құдыққа түсіріп алғандаймын» деген секілді ой бар. «Тығылмақ» сол әсермен жазылған сынайлы.

– Қазақ поэзиясы қоғамдағы өзекті мәселелерді жеткізуде қандай рөл атқаруы керек деп ойлайсыз?

– Қоғамның дерті жалпы әдебиетте көрініс таппай қоймайды. Жоғарыда айтқандай, біздің миымызда қандай ақпарат бар, сол қағаз бетінде жеміс береді. Иә, ол тікелей айтылмауы да мүмкін. Дегенмен әдебиеттен «науқандық» сипат іздеу қаншалықты орынды? Қаламгер де сол қоғамның мүшесі, оның сөзі – қоғамның нақ өзі. Бұл жерде, әрине, қаламгердің дарыны бөлек әңгіме. «Осы өзекті екен» деп қалам тербей берсек, бағанағы айтқан «қазан-ошақ» жырларының санын ғана өсіре береміз.

– «Әзіл түбі – зіл» дейді қазақ. Әлеуметтік желі беттерінде ара-тұра астарлы әзіл әңгімелер жариялап тұрасыз. Қандай да бір ескерту алған тұсыңыз немесе реніш білдіргендер болды ма? Келешекте проза немесе драматургия бағытында қалам тербеу ойыңызда бар ма?

– Өзім әзілдегенді, әзіл әңгіме тыңдағанды, оқығанды жақсы көремін. Сондықтан кейбір ояларды проза стилінде жариялап жүрмін. Оны енді әркім өз өресіне қарай түсінеді ғой. Ренжитін жандар да жетеді. Бірақ туынды өшкімнің көңіліне тимей, бәрін жаппай сылап-сипайтын болса, оның қандай қадірі бар? Мұны дәл осы күйінде қабылдай алу керек. Сатира батылдықты талап ететін жанр. Жазған соң кері пікірлерге де дайын болу керек. Мен әзірге өзімді осы бағытта сынап жүрмін. Алдағы уақытта басқа да жанрларды байқап көргім келеді.

– Туған жердің төрінде жеке шығармашылық кеш өткізу жоспарыңызда бар ма?

– Егер ондай мүмкіндік туып жатса, неге соны жасамасқа? Нақты жоспар жоқ, алайда ұсыныс болса бас тартпаймын.

– Болашақтағы Дәулетті қалай елестетесіз?

– Болашақтағы Дәулет осы шақтағы Дәулетке «өкпелемейді» деп ойлаймын.

– Уақыт бөлгеніңіз үшін алғыс! Қаламыңыз қарымды болғай!

Әңгімелескен Аружан ОРАЛБАЙ

ТЫҒЫЛМАҚ

Ұстап тұра алмайсың құйырды өттең,
Ол кездері өтетін күн ырғақпен.
Көріңі үйдің қы-қызы бізге келіп,
Күн батырып қайтатын «Тығылмақпен».

Кезек енді менімен кетті ұтасып,
«Бір, екі, үш!» - деп санадым бетті басып.
Қуыс-қолтық іздеп жүр, тығылуға,
Екі аяғың достарың епті басып.

Көзіңді аштың, іздеуге кірістің де,
Тілаба алмадым, тарылды тыныс шүде.
Тілапай келем достарды содан бері,
Ой үстінде жүрелің, шүң үстінде.

Айналып кетті арманың алдашыға,
Іздегені келмеді «барлаушыға».
«Тығылмақта» жоғалған балалармен,
Балалығың тығылып қалды-ау, сірә.

Содан бері, жаның бір жылымады,
Жоқ іздеген бейбақты кім ұғады?
Көңілің көктемді де қалды сонда,
Үнемі көкейге ой тығылады.

Қол сілтегің келеді деп: «Құрысын!»,
Көп нәрседен құр қалып кетті ұысым.
Жасырынар жер таппай қалғаны ма,
Көр ішіне тығылды көп туысым.

Мырылдайтын жабырқау жүрегім-ай,
Тығылмайтын достардың керегін-ай.
Тығылмақ ойнап жүр ме әлде бізбен?
Тығылып көріңізді неге Құдай?

Үмітіңді үзгенің келмес күннен,
Ғажайыпқа ендігі сенбесің мен.
Тығылып түң ішінде өлең жазам,
Тығылмақ ойнамаймын енді ешкімен.

Үрейленем көз жұмып қала берсем,
Арман жоқ, жарық Күнге қарап өлсем.
Тығылып бір бұрышта жылап аламы,
Тығылмақ ойнап жүрген бала көрсем.

ТҮҚПІР БӨЛМЕ

Ұмыта алмаң ешқашан, ұмытпадым әлі оны,
Бала кезім болса да ішке жұттым «бөлім».

Біздің үйде - ескі үйде үлкен әрі әдемі,
Маған жұмбақ, құпия тұқпир бөлім бар еді.

Тұқпир бөлім ішінде көкем, жеңгем, қос інім,
Тілей тойлап жатқандай жауып алып есігін,

ынтық қылған. Ол мейлі болмаса да шұратым,
Бір тылсым күш сол жаққа тартатын да тұратын.

Тіштей тынып, содан соң «кеткендігін еселеңің»,
Ұмытамын ұйықтап құшағыңда шешемнің.

Қос ініме заң «жұмсақ», маған «қата» неге тыл?
Сонда әйтеуір баруға кедергілер көп-етін.

Мысалы, әжем ентелеп ене кетсем бөлімеге,
«Емешегің үзіліп бара ма?» деп сөгетін.

Ашу келсе әжеме жағдайың қиындар,
Кіргеннен ол жақта қалуға қауқаттың бар.

Қайтып шығам түсінбей, сол тылсымның сырын тұқ,
Көңіліңде қалатын басылмаған бір ынтық.

Ешкім жоқта кірелің, аласы бар адаңдай,
Дәл боламын ішінен жоқ нәрсені таба алмай.

Бозбала шақ келгенде, (өкінерлі сол, әттең)
Көшіп кеттік басқа үйге әкем, анам және әпкем.

Жұмбақ болып қалды ойда ескіргенше сол бөлім,
Жұмбақ болып қалды ойда ес білгенше сол бөлім.

Кейін білдім, қиыны, жеңге менен көкеңің,
мені өмірге әкелген әке-шешем екенін.

Сырын білдім, о, солай, маған келіңіз теңдіктің,
Әжем неге ұрысты? Ұрыстың (енді ұқтың):

«Жеңешесі құшаққа алып қояр ма екен» - деп,
«Байғұс бала екеуін танып қояр ма екен» - деп.

Тілей тойлап жатса да жауып алып есігін,
Бір тылсым күш сол жаққа жібермейді осы күн.

Жасырғаны секілді тұқпирдегі бөлімнің,
Тұқпирдегі бір оялар тұқпирінде кеуденің.

Ер жеттің де, ел кезіп, тұрақтадым жыраққа,
Тұқ бір маза бермеді тұқпирдегі ой бірақ та.

Бәрін тастап өзіңе барам десем, Сыр елім,
Бір тылсым күш ұстайды перзентіңнің жүрегің.

Сазан барсам, туған жер, болатындай «ұятты»,
Ескі үйдегі баяғы тұқпир бөлім сияқты.

Д.ЖАДЫРАСЫН

ХӘЛІҢ ҚАЛМАЙ, ҚАЗАҚ АНИМАЦИЯСЫ?

Балалар контентіндегі тіл мәселесі

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде қазақ тілінің мәртебесін көтеру туралы маңызды тақырып көтерген еді. Бүгінде балалар тұтынатын контенттің көбінде өзге тіл басым. Мемлекет басшысы бұл орайда қазақ тілінде ұлттық нақышта жасалған мультфильмдердің жетіспеушілігіне назар аударды.

– Жақында «Шокан. Қашқария сапары» атты мультфильм шығыпты. Бұл өскелең ұрпаққа әйгілі тарихи тұлға Шокан Уәлиханов туралы мәлімет беретін өте жақсы туынды деп айтуға болады. Қазақ тілінде ұлттық нақышта түсірілген осындай мультфильмдер көп болуы қажет. Бұл – ұлт болашағына тікелей ықпал ететін мәселе. Сондықтан анимацияны дамыту мәселесін қолға алу керек, – деді Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде.

Бұл туындыға он көзқарас танытқан көрерменнің қарасы қалың. Ұлы тұлғаның ұлағатты өмірін айшықтайтын кинотуынды туралы пікірлер легі мынадай:

– «Шокан. Қашқария сапары» мультфильмі – балаларымызға тарихи тұлғаларымызды танытып, олардың бойына ұлттық рухты сіңіруге бағытталған тамаша бастама! Мен ұл-қыз тәрбиелеп отырған анамын. Балаларым фэнтези жанрындағы қызықты оқиғаларды тамашалап қана қоймай, Шокан Уәлиханов сынды ұлы ғалымның ерліктерімен де танысқанын қалаймын. Осындай сапалы, мазмұнды дүниелер арқылы кішкентай көрермендердің тарихымызға деген қызығушылығы артып, патриоттық сезімдері ояныптына сенемін, – деді көпбалалы ана Ақтоқын Әскербекова.

Ұлттық киноны қолдаудың мемлекеттік орталығы (МКҚО) жыл сайын қазақ тілінде анимация жасауға қаражат бөледі. Мәселен, МКҚО 2023-2024 жылдары толық метражды анимациялық фильмдер шығаруға 230 млн теңге бөлді. Ал биыл қанша қаражат қарастырылып отыр?

– Қазақ тілінде мультфильм аз, ал YouTube сияқты қолжетімді платформаларда олар жоқ. Бүгінде бұл үлкен мәселе, өйткені балалар интернетті және YouTube-ті теледидардан артық көреді. Олар «Синий трактор» және «Маша мен аю» секілді мультфильмдермен шектеліп қалмай, қазақ тілінде сапалы әрі қызықты туындыларды көруге тиіс. Осы мақсатта келесі жылға арналған бюджет жобасына қазақ тілінде мультфильмдер жасауға 350 миллион теңге бөлуді көздейтін норма енгізілді. Біз бұл мультфильмдердің тек теледидарда көрсетілуін ғана емес, сонымен қатар галамторда, соның ішінде YouTube желісіне жүктелуін қамтамасыз етеміз. Бұл балалардың қазақ тіліндегі қызықты мазмұнға толы өнімдерге қол жеткізу

мүмкіндігін кеңейтеді деп сенеміз, – деп атап өтті Парламент мәжілісінің депутаты Асхат Аймағамбетов.

Балаңыз тамашаласын...

Қош. Қазақ анимациясының хәлі анау айтқандай мүшкіл деуге келмес. Ақырын болса да, жаңа кезеңге нық қадам басып келеді.

Қазақ анимациясы биыл «Жібек», «Команда А. Миссия Айка» және тағы басқа 10 жаңа анимациялық жобаны халық назарына ұсынамыз деп білек түріп отыр. Сонымен қатар өткен ғасырдың алтын қорынан алынған «Ақ бота» мультфильмі қайта қалпына келтіріліп, жаңартылып, көгілдір экранға жол тартады деп күтілуде. Аталмыш туындылар ұлттық құндылықтарды жаңғыртып, жаңа заманның талаптарына сай болатынына сенім мол.

Мемлекеттік қолдаудың арқасында жасалатын жаңа анимациялық жобалар ата-анаға құрмет, достық, спорт секілді тақырыптарды қамтып, балалардың санасына ұлттық тәрбие ұялатуға бағытталуы тиіс. Мысалы, «Сақ» жекеменшік киностудиясы түсірген «Қошқар мен теке» мультфильмі өз қарапайымдылығымен-ақ балалар арасында үлкен танымалдылыққа ие болып, ұлттық нақышта жасалған сапалы контент екенін дәлелдеді. Тіпті бұл мультфильм YouTube платформасында 20 миллион қаралым жинап, қалың көрерменнің ықпалына бөленгені сөзімізге дәлел.

YouTube желісінде ел сүйіспеншілігіне бөленген туындылардың бірі – «Ara studios» анимациялық студиясының «Шырақ» мультфильмі. Бүгінде ол 2,3 миллионнан астам қаралым жинап, күннен күнге бұл көрсеткіш артып келеді. Анимация деңгейі белгілі Рихард-дан кем түспейтін қазақстандық мультфильмді бір тәулікте 40 мыңнан астам адам тамашалап, сондай-ақ ол әлемнің 80-нен астам кинофестиваліне қатысқан.

– Қазақтың балаларын қуантатын, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін мультфильм шыққанына қуаныштымын! «Шырақ» мультфильмі біз күткен сапалы туынды болды. Екі балапаным бұл мультфильмді көргенде көздері бал-бұл жанып, мээ-мейрам болып отырады. Қазақи болмысымызды сақтай отырып, балғындардың қиялын байытатын осындай дүниелердің көбейгенін қалаймын. Авторларға мың алғыс, осындай жүрекке жылы әсер қалдыратын туындыларды көптеп шығаруларыңызды сұраймын. «Шырақтың»



жалғасын күтеміз, – деді қала тұрғыны Шынар Мәратбек.

Заман талабы болса да, балаға гаджет арқылы ұлттық құндылықты дәріптеймін деу қате пікір. Бұл тұрғыда мультфильмді халыққа ұсынғандар ғана емес, сол туындыны баласына көруге мүмкіндік беретін ата-ана да мұқият болуы керек. Мультфильм – балаға ой салып, оның санасына тәрбие беретін, рухани азық сыйлайтын маңызды құралдардың бірі. Бүлдіршіндер айналасындағы әлемді тануды, жақсылық пен жамандықты ажыратуды, ізгілік пен адамгершілік қағидаларын осы анимациялық туындылар арқылы бойына сіңіреді. Сондықтан мультфильмдер тек қызықты оқиғалар тізбегі ғана емес, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін, бала жүрегіне ізгілік дәнін егетін қуатты тәрбие құралы болуы тиіс.

Ұлттық анимация саласы кейінгі жылдары көптеген жетістікке қол жеткізіп, тың

туындыларды жарыққа әкелуде. Дегенмен бұл бағыттағы жұмыстарды одан әрі жетілдіру – заман талабы. Анимациялық фильмдердің тілі жатық, мазмұны терең, көркемдік сапасы жоғары болуы керек. Әсіресе, кейіпкерлердің сөйлеу мәнері мен диалогтары балаға ана тілінің байлығын сіңіруі қажет. Өйткені жас көрермен мультфильм арқылы тілді үйреніп, сөз саптауды меңгереді. «Тәрбие тал бесіктен басталады» демекші, балаға дұрыс бағыт-бағдар беру – ата-ана мен қоғамның басты міндеті. Ал біз балалардың санасына ұлт рухын сіңіретін, ана тіліміздің қадірін ұқтыратын сапалы қазақ мультфильмдері көбейде деп үміттенеміз.

Нұршат НЫШАНОВА

КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯДАҒЫ СЕРПІН



2024 жылы Қазақстанда «Креативті индустрияларды дамыту туралы» Заң қабылданды. Бұл құжат креативті саланы қолдауға арналған заңнамалық және институционалдық шараларды жетілдіруге бағытталған. Осы заң аясында креативті индустрияны дамытуға жауапты мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың құзыреті кеңейтілді.

Қазір Қазақстанда креативті индустрия 12 бағыт бойынша дамып, 43 экономикалық қызмет жіктеуіші түрін қамтиды. Салада жұмыс істейтін тіркелген субъектілердің саны 45,5 мыңнан асады. Қазақстанның ЖІӨ-дегі креативті индустрияның үлесі 1%-ды құрайды.

– Бүгінде Қазақстандағы креативті индустрия 12 бағыт бойынша дамып, 43 экономикалық қызмет жіктеуіші түрін қамтиды. Қазақстанда креативті индустриямен айналысатын тіркелген субъектілерінің саны 45,5 мыңнан асады, еліміздің ЖІӨ-дегі жалпы қосылған құнның үлесі 1%-ды құрайды. Барлық субъектілердің 50%-дан астамы Алматы мен Астанада шоғырланған, олардың 70%-ы жеке кәсіпкерлер, – деді Аида Балаева.

Қазіргі уақытта еліміздің креативті секторында 143,6 мың адам жұмыспен қамтылған. Олардың ішінде еңбекті көп қажет ететін негізгі салаларға IT, сәулет және сән өнері, мәдени-демалыс мекемелері, кітапханалар мен музейлер, сондай-ақ халықтың қолөнері жатады.

Креативті индустрияларды дамыту қоры құрылуда

Биыл Үкімет жанынан Креативті индустрияларды дамыту қоры құрылмақ.

Қордың негізгі міндеттері – таланттарды анықтау, креативті жобалар мен инфрақұрылымды дамыту, сондай-ақ қазақстандық өнімдер мен қызметтердің экспортын ілгерілету.

Қор төрт негізгі бағыт бойынша жұмыс істейтін болады:

1. Таланттарды анықтау – конкурс, креатондар, мобильді продюсерлік орталықтар ұйымдастыру арқылы аймақтарда жас таланттарды іздеу.
2. Жобаларды дамыту – стартаптарды акселерациялау және инкубациялау, коммерцияландыру, инвестиция тарту.
3. Инфрақұрылымды дамыту – креативті хабтар желісін кеңейту, тұрақты арт-аландар құру, мемлекеттік мүлікке қолжетімділікті қамтамасыз ету.
4. Экспортқа қолдау көрсету – шетелдік нарықтарға шығу, маркетинг және PR, авторлық құқықтарды қорғау.

Қордың негізгі қаржыландыру көзі ретінде ұлттық лотерея операторының қызметінен түсетін 3% аударым қарастырылған. Сонымен қатар венчурлық инвестицияларды дамыту мақсатында АХҚО базасында басқарушы компаниялардың қатысуымен венчурлық бөлімше құрылатын болады.

Аймақтарда креативті хабтар ашылады

Креативті индустрияны дамыту мақсатында ел өңірлерінде креативті хабтар желісі құрылуда. Бүгінде республика бойынша 12 креативті хаб ашылған. Алайда Ақмола, Алматы, Жетісу, Ұлытау, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай және Павлодар облыстарында бұл жұмыс әлі аяқталмаған. Креативті хабтар – өңірлердегі

креативті индустрияны дамытудың негізгі инфрақұрылымдық элементтерінің бірі. Олар жас кәсіпкерлер мен шығармашылық сала өкілдеріне білім алу, тәжірибе алмасу және өз жобаларын іске асыру үшін қажетті орта ұсынады.

e-Creative платформасы іске қосылады

Креативті индустрияны цифрландыру мақсатында Қазақстанда «e-Creative» платформасы іске қосылмақ. Бұл платформа шығармашылық сала өкілдеріне өз өнімдері мен қызметтерін кеңейтілген нарыққа шығарып, түрлі мемлекеттік қолдау шараларына қатысуға мүмкіндік береді.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі креативті индустрияны дамыту бағытында жүйелі жұмыстарды жалғастырады. Жаңа заңнамалық бастамалар, инфрақұрылымдық жобалар мен қаржылық қолдау шараларының арқасында Қазақстанның креативті экономикасы қарқынды дамып, халықаралық нарықта бәсекеге қабілетті бола түседі.

«АЖ» ақпарат



ШАҢЫРАҚ ШАҒИҚАЛМАСЫН

Наурызнама онкүндігінде 16 наурыз – Шаңырақ күні ретінде бекітілді. Бұл күн отбасылық қарым-қатынасты нығайтуға, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқорлық жасауға, салт-дәстүрді сақтауға бағытталған. Ал осы ай шаңырақ көтеруге қолайлы кез саналады. Жас жұбайларға «Шаңырақтарын биік болсын!» деген тілек айтылады. Қазақ мәдениетінде шаңырақ бақытты өмірдің бастауы мен туыстық байланыстың мызғымас белгісін сипаттайды. Ал қазір отау құрған отбасының шаңырағы биік әрі берік пе?

Ажырасу – өзекті мәселелердің бірі. Қоғамда ерте некелескен отбасылар арасында ажырасу көп кездесетіні жиі айтылады. Оған түрлі факторлар да әсер етеді. Мысалы, тұрмыстық қиындықтар мен өзара түсініспеушілік. Бұдан бөлек, жеке қызығушылықтарының сай келмеуі бар. Ал кейде отбасылық өмірде «Мен» деген принцип басымдық болып, пенделілікке берілетіндер де бар. Ажырасудың негізгі себептерінің бірі – материалдық қиындықтар. Статистикаға сүйенсек, ажырасқан ерлі-зайыптылардың 30%-дан астамы басына мәселесін шеше алмағанын айта тартады. Сонымен қатар жас жұбайлар арасындағы өзара түсіністіктің болмауы да ажырасуға әкеледі. Қазіргі таңда отбасын құруға жеңіл қарау, қиындықтарды бірлесіп шешуге тырыспау, жауапкершіліктен қашу сияқты факторлар да жиі кездеседі. Өкінішті.

Ажырасудың жиілеуі – тек жеке мәселеге емес, тұтас қоғамға әсер ететін фактор. Мысалы былтыр 123 651 неке тіркеліп, 40 647 ажырасу болған. Яғни, шамамен әрбір үшінші неке ажырасумен аяқталған. Отбасыны мемлекеттің тірегі дейміз. Дегенмен, ерлі-зайыптылардың ажырасуы балалардың тағдырына да кері ықпал етеді. Некенің бұзылуы салдарынан жыл сайын 50 мыңға жуық бала толық емес отбасында тәрбиеленеді. Бұл олардың психологиялық дамуына әсер етпей қоймайды. Толық емес отбасында өскен

балалардың бойында жалғыздық, өзін төмен бағалау немесе керісінше, айналасындағыларға сенбеушілік сияқты мәселелер туындауы мүмкін.

Өткен жылғы наурыздағы дерекке сәйкес, 121 мыңға жуық жұп некелескен. Басқа жылдармен салыстырғанда бұл сан өте аз. Тіпті ең аз 135 мың некенің өзі 2008 жылы тіркелген. 2024 жылдың басында 1000 адамға шаққанда 4,6-ны құрап, ажырасу бойынша екінші орынға тұрақтағанымыз тағы бар

Жыл басында нумерологтар осы тақырыпқа

басымдық берді. Мадия Сейітқызының айтуынша, отбасының төзімін сынайтын жыл екен.

– Әсіресе отбасылық қарым-қатынас барынша тығырыққа тіреліп, бірақ сонда да отбасын сақтап қалуға тырысқан кейбір ерлі-зайыптылар екі жаққа кетеді. Мұндай отбасыларға келесі жылы қиын соқпау үшін өзара қарым-қатынасты қазірден нығайту керек. Өйткені 2025 жыл сынақ жылы, отбасылардың төзімділігі мен құндылығын сынайтын жыл, – дейді Мадия Сейітқызы сұхбаттарының бірінде.

Отбасы құру – үлкен жауапкершілік. Сондықтан

әр адам некеге дейін де, кейін де туындауы мүмкін қиындықтарға дайын болуы қажет. Бұл, әрине, ерлі-зайыптылардың өздеріне байланысты мәселе. Ал отбасыны қалай сақтасақ болады?

Отбасын сақтап қалу үшін ең алдымен екі тараптың да саналы түрде әрекет етуі қажет. Ерлі-зайыптылар ашық әрі сенімді қарым-қатынас құруы керек. Кез келген мәселені іште сақтамай, бір-бірімен бөлісу маңызды. Қарым-қатынастағы басты қателік – серіктестің ойы мен сезімін болжап, соған сәйкес әрекет ету. Оның орнына тікелей сөйлесіп, бір-бірінің қажеттіліктерін түсіну қажет. Кейін жауапкершілікті бөлісу. Отбасында міндеттерді әділ бөлу – жанжалдың алдын алудың тиімді жолдарының бірі. Әйел тек үй шаруасына, ер адам тек қаржы табуға жауапты деген түсінік ескірген. Көптеген ажырасулар серіктестердің бір-бірінен тым жоғары немесе шынайы емес нәрсені күтуінен туындайды. Екі адамның бір бүтінге айналуында қаржылық сауаттылықтың да орны ерекше. Материалдық мәселелер отбасылық жанжалдардың жиі кездесетін себептерінің бірі. Сондықтан отбасы бюджеті мен шығындарын жоспарлау, ақшаны тиімді басқару дағдыларын меңгеру қажет. Тағы маңыздысы шекараны сыйлау. Әр адамның жеке уақыты мен кеңістігі болуы тиіс. Некеге тұрғаннан кейін өзара тәуелсіздік күшейгенмен, бұл толықтай «жеке өмірден бас тарту» дегенді білдірмейді. Әр адамның хоббиі, достары мен қызығушылықтары болғаны дұрыс. Бастысы дағдарыстардан бірге өту. Егер қарым-қатынаста қиындықтар туындап, оны өз бетінше шешу мүмкін болмаса, ерлі-зайыптыларға отбасылық психологқа жүгінуге кеңес беріледі. Бұл әсіресе ұзаққа созылған жанжалдар мен сенімсіздік пайда болған жағдайда көмектеседі. Қорытындылай келе, отбасы – өздігінен мықты болып қалатын құрылым емес. Оны күтіп-баптау, дамыту және нығайту қажет. Бастысы – бір-бірін шынайы тыңдай білу, сыйлау және кез келген мәселені бірге шешуге ұмтылу.

Динара ЖУМАДИЛ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті



«Тұлға» деген сөзді қалай түсінесіз? Әрине, мұндайда ең бірінші көз алдыңызға өмірге деген көзқарасы жоғары, барлық жұрт танитын салмақты да салмақты адам елестеуі мүмкін.

Тұлға болу талпыныстан туады

Мәселен, Абай Құнанбайұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұхтар Әуезов сынды ақын жазушылардың бұл өмірде қалған орындары ерекше. Бірақ өкініштісі – қазіргі қоғамнан осы ұлы тұлғалар секілді білікті болуға ынталанып тұрған адамдарды табу қиынның қиыны. Тұлға деп кішкентай баланы немесе жаңа туылған сәбиді айту мига қонымыз. Себебі тұлға болу үшін бала әуелден оңы мен солын ажыратып, өмірдің ағы мен қарасынан өтіп, есейіп ер жетіп, өзінің мақсат-мұратына, дiттеген армандарына жете білуі тиіс. Сонда



ғана кішкентай ғана үлкен тұлғаға айналмақ. Оған жетер жолдағы қиындықтардан бірі ойдағыдай өтсе, бірі өте ауыр келеді.

Байлар мен танымал адамдар өздерін дәлелдеген тұлғалар ғой деп «Біз оларды қызғанып емес керісінше қызығып үйренуіміз керек, олардың бақыт пен сәттілік, жетістік пен

жеңіс жолын білуіміз қажет» деп қарсылық білдірерсіз. Алайда олар осыншама бақ-нығметке, бақытқа қалай қол жеткізгендерін көбісі өздері де білмейді, себебі бұл тағдыр мәселесі. Өмір болған соң неше түрлі жағдайлар кездеседі. Біреумен ұрысу яки болмаса теріс қадам жасау, жарты жолдан сүрініп кету сынды жағдайлар орын алуы мүмкін. Дегенмен «ит мені қапты екен деп, мен оны қапсам, адамдық аузымда не қасиет қалады» деген Мұхтар Әуезов атамның осы сөзін ойға алсақ деймін. Біреумен ұрысып уақытымыз бен күшімізді құртқанша, болашаққа деген талпынысты күшейтіп, «Тұлға» боларлық іске ұмтылғанымыз жөн болатын секілді.

Мен, сен және біз. Біз бұл өмірдегі үлкен орны бар болашақ тұлғамыз.

Мерей ҚАЛАБАЙ
қосымша білім беру
әдістемелік орталығы

Әдеп кодексі нормаларын сақтау

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТТЕ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТЕН ТЫС УАҚЫТТАҒЫ НЕГІЗГІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ӘДЕП КОДЕКСІНДЕ АЙҚЫНДАЛҒАН. ӘДЕП КОДЕКСІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ АДАМГЕРШІЛІК-МОРАЛЬДЫҚ БЕЙНЕСІН АРТТЫРАДЫ, СОНЫМЕН ҚАТАР, МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ЫҚПАЛЫН ТИГІЗЕДІ, ӘДЕПТІЗ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУҒА ӘСЕР ЕТЕДІ.

Мемлекеттік қызметшілердің негізгі мінез-құлық стандарттарының айқындалуы, яғни адамгершілік, мораль сынды адами қасиеттер жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселесінде де маңызды фактор бола алады. Кәсібилік пен әдептілік қосылып, мемлекеттік қызметшінің тұтас имиджін көрсетеді. Осыған орай, әрбір мемлекеттік қызметші қойылып отырған талаптарды қатаң сақтай отырып, сыбайлас жемқорлыққа деген төзбеушілік оның азаматтық ұстанымына, ал адалдық пен сатылаушылық оның мінез-құлық нормасына айналуы тиіс. Себебі, мемлекеттік қызметші – биліктің айнасы, оның түр-сипаты болып табылады. Әрқашан да мемлекеттік қызметші адалдық, ашықтық және әділдік қағидаттарын басшылыққа ала отырып, қызметін кәсіби, жоғары дәрежеде көрсете білулері,

қызмет барысында және тұрмыста парасатты, мәдениетті болуға талпынуы тиіс.

Әдеп нормаларының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік қызметшілер арасында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп тұрады.

Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің бұзушылықтардың профилактикасын қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар тұрақты жалғасын таба беретін болады. Себебі мемлекеттік қызметте мемлекеттік қызметшілердің әдептілігі маңызды орын алады. Ал мемлекеттік қызметші қызметтік әдепті сақтау үшін барлық қажетті шараларды қолдануы тиіс.

Н. ИТЕЛГНЕВА

Қызылорда облысы Әділет департаментінің әкімшілік бөлімінің бас маманы

ҚАЗІРГІ ЗАМАНДА МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨНЕРДІҢ ӘРТҮРЛІ БАҒЫТТАРЫ ДАМЫП, ЖАҢА ТРЕНДТЕР ПАЙДА БОЛУДА. КИНО, СТРИМИНГ ПЛАТФОРМАЛАРЫ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР АДАМДАРДЫҢ БОС УАҚЫТЫН ӨТКІЗУ ТӘСІЛІН ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРТТІ. ДЕГЕНМЕН, ТЕАТР ӨЗ МАҢЫЗЫН ЖОҒАЛТҚАН ЖОҚ, КЕРІСІНШЕ, КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРЫ ОҒАН ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ӘЛДЕҚАЙДА ЖОҒАРЫЛАДЫ.

ТЕАТРҒА БАРУ трендке айналды ма?

Бүгінде театр дәстүрлі классикалық қойылымдармен шектелмейді. Оның заманауи форматтары жаңа аудиторияны тартып, жастар арасында трендке айнала бастады.

Театрлар бүгінгі көрерменге қызықты болуы үшін классикалық қойылымдарды заманауи өңдеумен сахналайды. Танымал шығармалар жаңа стильде ұсынылып, эксперименталды бағытта қойылып жатыр.

Қойылымдарда 3D-графика, проекциялық

картиналар, интерактивті элементтер қолданылады. Тіпті кейбірі қойылымдарын онлайн көрсетілімдерге форматында ұсынып, цифрлық көрермен жинауда.

Театр бұрын тек элиталық мәдениетке тән деп есептелсе, қазір оны жастар арасында танымал ету үшін жаңа тәсілдер қолданылуда.

Әлемдік және жергілікті танымал жұлдыздар театр қойылымдарына қатысып, көрермен тартады. Оған қоса «TikTok», «Instagram»,

«YouTube» сияқты платформалар арқылы жарнама жасап, аудиториясын кеңейтуде.

Қойылымдарға арналған тизерлер, арт-сьюжеттер, көрермендердің әсерлері әлеуметтік желілерде кең таралуда. Қазіргі таңда театрға бару – сәнді тренд қана емес, мәдени қажеттілікке айналып отыр. Жастардың театрға деген қызығушылығы артып, оның жаңа форматтары пайда болуда. Бұл үрдіс мәдениетке деген сұраныстың жоғарылағанын

және адамдардың рухани азыққа ұмтылысын көрсетеді. Сондықтан театрдың болашағы зор, ал оған бару – тек өнерге деген құрмет қана емес, заманауи адамның мәдени өмірінің ажырамас бөлігіне айналуға тиіс.

Маржан БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ,

Абай атындағы 138 орта мектебінің 11-сынып оқушысы

Қайсар қыздар қуантып тұр



Жарысқа құрамымыздан 12 боксшы қатысып, оның 6-ы жүлделі орындардан көрінді. Қарақөз қыздардың тарихи жетістіктерін назардан тыс қалдыруға болмайды. Өйткені араға 10 жылдай уақыт салып, Әлем чемпионатының биік тұғырына көтерілдік. Команда капитаны Назым Қызыбай бастаған құрама көрермет өнер көрсетті. Әсіресе, осы Назымның сенімді жеңісін ерекше атап айтсақ болады. Жазда Париж Олимпиадасында бағы жанып, қоланы қанжылаған батыр қызымыз быыл жүлдесін еселеді.

Ол турнирде 48 келіге дейінгі салмақта сәтті өнер көрсетті. Ақтық сында ресейлік Юлия Чумгалаковамен кездесіп, үш раундтың қорытындысы бойынша айқын басымдықпен жеңді. Осылайша, Назым Қызыбай үшінші рет әлем чемпионатының финалында жеңіске жетті. Бұған дейін ол 2014 және 2016 жылы жеңіс тұғырына көтерілген еді. Айта кету қажет, елімізде бұған дейін үш дүркін әлем чемпионы болмаған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та қайсар қызды жеңісімен құттықтап, тілектестігін білдірді.

«Назым Қызыбайды отандық бокс тарихында тұңғыш рет үш дүркін Әлем чемпионы болуымен құттықтаймын. Бұл – айтулы жетістік!»

Сербияда өтіп жатқан Әлем біріншілігінде үздік нәтиже көрсеткен ұлттық құрама мүшелеріне алғыс айтамын. Спортшы қыздарымыздың алдағы уақытта да үлкен жеңістерге жете беруіне тілектестік білдіремін», – деп жазды Ел Президенті «Instagram» әлеуметтік желісіндегі парақшасында.

Ел қоржынына екінші алтынды Алуа Балқыбекова салды. Олимпиаданың кавалері ретінде Елдос Сметовті айтатын болсақ, бокстың кавалері деп Алуаны айтуға әбден лайықты. Себебі бұған дейін әлем чемпионатында күміс және қола медальды иеленген еді. Енді, міне алтын жүлдеге де қол жеткізді. Яғни, қаншама жылғы еңбек өз нәтижесін берді.

Боксшы қызымыз финалда 50 келі салмақта қытайлық Ху Мэймен жұдырықтасты. Жақсы қорғана білген Алуа шабуылда да дәлдігімен көзге түсті. Нәтижесінде қытай спортшысын 5:0 есебімен жеңіп, мүмкіндік бермеді. Ал оған дейін Наталья Богданова 70 келіде қола медаль иеленген еді.

Алтын медальдар қатарын 63 келіде Аида Әбікеева толықтырды. Алғаш қатысып жатқан әлем чемпионатында осындай жетістікке жету екінің бірінің қолынан келе бермейді. Былтыр ғана Азия құрлығында ешкімге

дес бермей, суырылып шыққан алтын қызымыз енді әлем чемпионы атағына қол жеткізді.

Отандасымыз ақтық сында таиландтық Тананья Сомнуекпен қолғап түйістірген еді. Аида Әбікеева үш раунд бойы жоғары деңгейдегі бокс үлгісін көрсетіп, соңында 5:0 есебімен жеңді.

Алтынға бергісіз күміс жүлдені 60 келі салмақта Виктория Графеева жеңіп алды. Викторияның әлем чемпионатына алғаш қатысуы. Сондықтан осындай ірі жарыстарда күміс алу жақсы нәтиже. Былтырғы жылғы Азия чемпионатында топ жарған Викторияға артылатын үміт зор. Ол финалда ресейлік Нунэ Асатрянмен өзара мықтыны анықтаған еді. Нәтижесінде төрешілердің шешімімен Нунэ Асатрян басым түсті.

Тағы бір күмісті 81 келіден жоғары салмақта Елдана Тәліпова иеленді. Елданың да әлем чемпионатына алғаш рет қатысқанын айта кеткен жөн. Отандасымыз финалда Қытай спортшысы Чжан Иляньмен жұдырықтасты. Төрешілердің шешімі бойынша жеңіс Чжан Иляньға бұйырды.

– Әлем чемпионаты біз үшін сәтті аяқталды. Әрине, көңіл күй керемет. Қыздарымызға алғашқы күннен бастап тақымын қысып жанүйер болған қазақ еліне алғысымды айтамын. Үш рет Әнұранымыз шырқалып, Туымыз көкке көтерілді. Бұл – ортақ жеңіс. Барлық бапкерлерге, спортшы қыздарымызға және алаң сыртындағы білікті мамандарға көп рақмет! – деді құрамының бас бапкері Елдос Сайдалиев.

Осылайша Қазақстан құрамасы әлем біріншілігінде үш алтын, екі күміс және бір қола медальға ие болды. Жалпы командалық есепте Ресей құрамасы көш бастаса, қазақстандық құрама екінші орынға жайғасты, ал үздік үштікті Түркия қорықтыды. Оның үстіне Қазақстан Азия құрлығындағы ең үздік ұлттық федерация ретінде танылғаны тағы бар.

Аруларымыз ІВА-дан 465 мың доллар сыйақы алды. Алтын медаль үшін – 100 мың доллар, күміске – 50 мың, қолаға 25 мың тағайындалған. Одан бөлек ширек финалға жеткендерге 10 мың доллардан сыйақы берілді.



БЕЛГІЛІ ӨЗБЕКСТАНДЫҚ ВЕЛОСИПЕДШІ ВЕЛОМАРАФОН БАҒЫТЫМЕН СЫР ЕЛІНЕ КЕЛДІ

10 наурыз күні өзбекстандық опера әншісі, велосипедші және спорт ардагері Хурсанд Шеров Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай халықаралық бағыттағы бірегей веломарафонға шыққан болатын. Марафон бағыты бойынша Түркістаннан Қызылордаға ат басын бұрған ардагер велосипедші Сырдың бас шаһарына да аялдады.

Осы ретте сырбойлық велоспортшылар Хурсанд Шеровты құрметпен қарсы алды. Сапар барысында ардагер велосипедшіге өңірдегі тарихи маңызы бар орындар таныстырылып, жастармен кездесті.

Бұл веломарафон Орталық Азия халықтары арасындағы берік достықты және олардың Ұлы Жеңіске қосқан зор үлесін кеңінен дәріптеуге бағытталған. Осы арқылы Хурсанд Шеров батырлардың өшпес ерлігін еске алуды және өнегелі жолын бүгінгі жас ұрпаққа насихаттауды көздеуде. Аталған марафон Ұлы Жеңіс күні Мәскеу қаласында аяқталады.

Сыр еліне аялдаған ардагер спортшы қаладағы Мәншүк Мәметова атындағы педагогикалық жоғары колледжіне арнайы барып, ұлағатты ұстаздар және білім алушылармен кездесті. Аталмыш шараға облыстағы өзбек этномәдени бірлестігінің мүшелері, БАҚ өкілдері, спортшы жастар мен студенттер қатысты.

Кездесу барысында Ұлы Отан соғысының батыры Мәншүк Мәметованың ескерткішіне гүл шоқтары қойылып, қазақтың қаһарман қызының жанқиярлық ерлігін ұмыт қалдырмау туралы өнегелі әңгіме өрбіді.

Осы орайда Хурсанд Шеровке Сыр халқы атынан велоспорттан ұлттық құраманың жейдесі табысталды. Кездесу соны мерекелік бағдарламаға ұласып, көтеріңкі көңіл-күйде аяқталды.



“ “

Өткен аптада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жалағаш ауданының жұмыс сапары барысында дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің ашылу рәсіміне қатысты. Рәсімде Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев және зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары, аудан тұрғындары болды.

Жалағаш жастары

ЖАҢА КЕШЕНДЕ ЖАТТЫҒАДЫ



Аймақ басшысы жалағаштықтарды Ұлыстың ұлы күнімен және жаңа нысанның ашылуымен құттықтады. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жетістіктерге, құрылыс, спорт салаларындағы жаңалықтарға тоқталды.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Бұқаралық спортты дамыту арқылы біз кәсіби спортқа жол ашамыз және ең бастысы, ұлт саулығын жақсартамыз» деген болатын.

Тұрғындар спортты өмір салтына айналдыру үшін осындай кешендер

қолжетімді болуы керек. Ал спорт адамның денсаулығын, күш-жігерін шыңдайды.

Өткен жылы қазан айында Қызылорда қаласында «Үстел теннисі» орталығы пайдалануға берілгені белгілі. Халықаралық стандарттарға сәйкес келетін 11 мың орындық Орталық стадион алдағы мамыр айында ел игілігіне табысталмақ. Жақын күндері көпбейінді «Қызылорда Арена», дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінің құрылысы басталады.

Жыл басынан бері Қармақшы ауданының

III Интернационал, Дүр Оңғар, Сырдария ауданының Бесарық ауылдарында жаңа кешендер іске қосылған еді. Наурыз мерекесі қарсаңында дәл осындай спорт кешені күні кеше Қармақшы ауданының Ақай ауылында және Шиелі ауданының Жақаев ауылында ашылды. Бүгін Ұлыстың ұлы күнінде Жалағаш ауданындағы жаңа спорт кешені ел игілігіне табыстаудамыз.

Баршаңызды жаңа нысанның ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Осы жерде шыныққан жеткіншектер болашақта

дүбірлі додаларда еліміздің, аймағымыздың намысын қорғап, көк байрағымызды биікте желбіретсін! Ұлыс оң, ақ мол болсын! – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Рәсімде Жалағаш ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар мен ғимаратты салған мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Парламент Мәжілісінің депутаты Мұрат Әбенев жылған халықты жаңа нысанның ашылуымен құттықтады.



МЕНИҢ АЛҒАШҚЫ ОРАЗАМ

Күн ұясына батуға таяу атасының жанында жүретін кішкентай қызымның ауызашар сәттегі дайындығы күшті. Қолын жайып, құрманы жеуге асығатын бала болмысына қарап, өзімдегі ең алғаш «ораз» деген түсініктің қалай қалыптасқанын есіме түсіремін де, күлкім келеді. Сіз күлмеңіз, бірақ...

Ауылдық жерде телефон желісі жоқ, ораза кісілер ауызашар сәтті газеттен қарайтын уақыт. Тіпті қазіргідей ораза жайлы көпшілік әңгіме айтып, қызу талқыламайтын. Тек Рамазан айы кірер алдында ауыл адамдары бірінен соң бірі «ііс» жасайтын. Иіс дегеніміз – ағайын-туыстарды қонаққа шақырып, құран оқу. «Ораза кезінде «ііс» жасау маңызды екен ғой» деген шала түсінікте жүретін мен оқушы кезімде ораза тұтуға бекіндім. Баламын ғой, алдымен үй киімдерімнің бәрін жуып, ішпей дайындала бастадым. Шынымды айтсам, сауап аламын деген ниетке қарағанда қорқынышым басым. «Қарным ашса шыдамай, бір жерде құлап қаламын ба, жар ортаға келгенде ауыз ашып жіберсем Құдай жазалай ма?» деп құтым қашып жүрген. Ерtesі Рамазан айы кіретін уақыт. Кешке таяу анама ораза ұстайтынымды айтқанда, анам «Ұстамайсың. Ораза саған ойыншық емес» деп шорт кесті. Анама ренжіген күйі оразаны келесі жылдың еншісіне тапсырып қала бердім.

Сол күйі анам мектеп уақытында ораза ұстауға рұқсат бермеді. «Алла алдында пазыз болған амалды балалықпен бұзып алмасын» деген болар. Ең қызығы, мектеп бітірер жылы ауыл мешітінде сынып болып ауызашар ұйымдастырдық. Бәріміз «Алла разылығы үшін ауызашар берсек, ҰБТ-дан жоғары балл жинаймыз» деген оймен жүрміз. Ата-аналар да әр тілек айтқан сайын «оқуға түсіп кетсін» деген сөзді ұмыт қалдырмайды. Сол үшін сыныптас қызбен бірге мешіт есігінің алдына тұрып, үлкен кісілердің сырт киімін, аяқ киімін алып батасын алуға асығамыз. Тіпті екеуміз батаға таласып, ренжісіп қалғанымыз бар. Үлкендер ауыз ашып, енді әңгімеге бет бұра бергенде ораза ұстаушыларға деп ауылдағы жағдайы жақсы, жеке дүкені бар Айман апаның бір қалта сый таратқаны да есімде. Ішінде шай, құрма сынды сәреге жейтін дүниелер бар. Шынымды айтсам, «мен де ораза ұстағанымда осы сыйды алып, анама апарып қуантатын едім» деп ойлағаным қазір ұяламын. Ең үлкен сыйдың Жаратушыдан берілетінін мен ол кезде білген жоқпын-ау сонда?!

Студент атанып, қала өміріне жайлап үйрене бастаған жылы анам ораза ұстауға рұқсат берді. Ол кезде ораза жаз айына тұспа-тұс келген. Әпкем екеуміз мәз болып, ауыз бекіттік. Таңертең анам ішінде жарығы жоқ кішкене сарайға барып, ботқа пісіріп, шай дайындап береді. Дәмдінің бәрине тойған соң, әпкеммен бірге газет қиындысындағы арабша, кейін қазақша жазылған дұғаны оқимыз. Сіз күлмеңіз, бірақ ауыз бекітіп болып, бір кесе суды тағы ішіп алатын едік. Бірінші дұға оқып, сосын су ішіп ауыз бекітеді дегенді қайдан естігенімді білмеймін?! Солай бекіткен оразаны өзіміз қайта ашып, балалық құлшылығымызға қуанып жүрген екенбіз. Мүмкін, білместікпен жасаған бұл қателікті Алла кешіретін болар... Бастысы ол кезде Алла үшін деген ой маңызды еді.

Анамның біздің денсаулығымызға алаңдағанын, құлшылыққа бейкам қарамасын деген ойым ана атанғалы жақсы түсінемін. Оразаны тек тілектің қабы болуына немесе әлдекімің сый беруіне емес, Алланың разылығын алу үшін тұтатынын да терең ұға түстім. Құдай қаласа балаларым өскенде ең алғашқы оразалары мен жасаған амалдары қателіксіз өткен деймін. Сол күнге аман жеткізсін!

Гүлдана ЖҰМАДИН



Вегетариандық

біздің саналы таңдау

Қазақ үшін ет – ас мәзірінің ажырамас бөлігі. Алайда бұл дәстүрлі көзқарасты өзгертіп, өсімдік негізіндегі тамақтануды таңдаған жандар да бар. Солардың бірі – Әсемгүл мен Әділет Мұқышевтар. Олар үшін вегетариандық – уақытша эксперимент емес, саналы өмір салты. Ал олар бұл шешімге қалай келді? Бірнеше сауалға жауап алу үшін ерлі-зайыптымен сұхбаттастық.

– Әділет, тамақтану салтыңызды ауыстырғаныңызға 12 жыл болды. Айтыңызшы, вегетариандық сіздің өміріңізге қалай әсер етті?

Әділет: – Бұл тек тамақтану емес, тұтас көзқарасты өзгеретін өмір салты. Вегетариандыққа өткеннен кейін біз экологиялық таза өнімдерге көңіл бөле бастадық, жануарларға деген қарым-қатынасымыз да өзгерді. Бір кездері былғары аяқ киім, жағалы тон киетін едік. Бірақ бір сәтте ойланым, бас тарттық. Иә, тамақтану салтымды өзгерткенім 12 жыл болды. Түрлі әдебиет оқып, зерттей келе, еттен бас тартып көруді жөн көрдім. Алғашында жай ғана эксперимент еді. Бірақ уақыт өте келе бұл тәжірибе әдетке айналды. Содан бері ет жемеймін. Жұбайым Әсемгүл екі жыл өткен соң маған қосылды.

– Ал жақындарыңыз қалай қабылдады?

Әділет: – Біз ауылда қазақ отбасынан шыққанбыз. Әрқашан соғым сойылып, етсіз тамақ болмайтын. Отбасым, әрине, таңқалды. Алғашында «Үш ай ғана ет жемей көрейің» деп өтіндім. Анам мені қолдап, сол уақыт ішінде тамаққа ет қосуды қойды. Бірақ үш ай өткен соң да мен әдетіме қайтып оралмадым. Уақыт өте келе барлығы



бұл жағдайға үйреніп кетті.

– Ал сіз, Әсемгүл, алғашында қандай сезімде болдыңыз?

Әсемгүл: – Мен үшін бұл күтпеген жаңалық болды. Өйткені қазақ отбасында ет – тағамның негізгі бөлігі. Ал Әділет еттен ғана бас тартпады. Ол бірден пісірілмеген, яғни көкөністер мен жемістерді ғана жей бастады. Бұл біз үшін үлкен жаңалық болды.

– Вегетариандыққа көшкен соң денсаулығыңызда қандай өзгерістер болды?

Әсемгүл: – Энергиямыз көбейіп, жаңа идеялар пайда бола бастады. Жалпы, денсаулығымыз жақсарды, жеңілдік пайда болды.

Әділет: – Дене шынықтырумен айналысатын адам ретінде физикалық көрсеткіштеріме әсері бола ма деп уайымдадым. Бірақ керісінше, спорттағы жетістіктерім

арта түсті. Вегетариандыққа өткен соң шыдамдылығым артып, дене бітімім жақсарды.

– Еттен бас тартқан соң, ағзаға қажетті ақуыз бен дәрумендерді қалай толтырасыздар?

Әсемгүл: – Көпшілік вегетариандардың басты мәселесі – ақуыз жетіспеушілігі деп ойлайды. Бірақ өсімдіктерден де жеткілікті мөлшерде ақуыз алуға болады. Біздің тамақтану үлесімізде көкөністер, жаңғақтар, дәндер, әртүрлі өсімдік майлары бар. Мысалы, таңертең жылы суга лимон қосып ішеміз, содан кейін шпинат, банан, жидектер, чиа және зәйтүн майымен смузи дайындаймыз.

Әділет: – Дәрі-дәрмек те ішпейміз. Балаларымыз да дәрісіз өсіп келеді. Егер суық тиіп қалса, табиғи жолмен емделеміз.

– Балаларыңыз ет жей ме?

Әсемгүл: – Иә, олар ет жейді. Біз өз өмір салтымызды оларға таңбаймыз. Әр адам өз тағамдық жолын өзі таңдауы керек деп есептейміз.

– Бұл өмір салтына көшкісі келетіндерге қандай кеңес берер едіңіздер?

Әсемгүл: – Ең бастысы – өз ішкі түйсігіңді тыңда. Егер адам бұл жолды саналы түрде таңдап, шынымен қалап тұрса, оған ешқандай кедергі жоқ.

Әділет: – Бастысы – өзгенің пікіріне тәуелді болма. Егер сен бір нәрсеге сенімді болсаң, оған сенің қуш-қуатың да, мүмкіндігің де жетеді.

– Жауаптарыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан
Әлия ТӨЖБАЙ

Көктем – қазақ халқы үшін ерекше мезгіл. Бұл мезгілде табиғат оянып, жер көктеп, тіршілік жаңғырады. Көктемнің басталуымен бірге халқымыз жыл басын қарсы алып, көктемгі Наурыз мерекесін атап өтеді. Бір қызығы, көктем мезгілінде «бесқонақ» деген сөзді жиі естиміз. Осы құбылыс туралы теренірек білу үшін оның тарихына зер салдық.

«Бесқонақ» – көктемнің алғашқы айларында болатын бес күндік ауа райының күрт өзгеруі. Бұл күндер наурыздың соңында немесе көкек айының басында кездесіп, көп жағдайда салқын, желді, кейде қарлы, жанбырлы болып келеді. Халық арасында «бесқонақ» күндері табиғаттың тұрақсыздығымен сипатталады, сондықтан малшылар мен диқаншылар бұл күндерді алдын ала болжап, шаруашылықтарына ерекше мән берген.

Бұл күндері ауа райы жылынғандай болып, кенеттен суытып кетеді. Желді, ызғарлы күндер, кейде қарлы жауынның жаууы – осы құбылыстың негізгі белгілері. Тарихи деректер мен жұртшылық естеліктері бойынша, қазақ жерінде бұл құбылыс жыл сайын қайталанып отырған.

Қазақ халқы «бесқонақ» күндерінің әрқайсысына өзіндік сипат берген. Кейбір өңірде бұл күндер арнайы атауларға ие болған: «Кұралай салқыны», «Үркерлі күндер» секілді ұғымдар сол кезеңдегі ауа райының ерекшеліктерін білдіреді. «Кұралай салқыны» дегеніміз – мамыр айында болатын суық желдің атауы, бірақ оның түп тамыры көктемнің осы кезеңдеріндегі ауа райының суытуымен

«БЕСҚОНАҚ»

Тұралы не білеміз?



байланысты. Үркер жұлдызының көкжиекке жақындауы табиғаттың құбылмалы күндерін білдірген. Бұл атаулардың өзі халықтың табиғатты терең түсініп, оның әрбір құбылысын зерттеп отырғанын аңғартады.

Бұл ұғым нақты тарихи оқиғаларға негізделмесе де, оның түп-тамыры халықтың көпжылдық тәжірибесі мен бақылауларына сүйенгенін байқауға болады. Шығыстанушы ғалымдар қазақ даласының климатына байланысты

жазған еңбектерінде көктем мезгілінде тұрақсыз ауа райының жиі кездесетінін көрсеткен. Бұл құбылыс туралы алғашқы жазба деректерді шығыстанушы ғалым Шоқан Уәлихановтың еңбектерінен көруге болады. Оның жазбаларында көктем мезгілінде болатын суық күндер туралы ескертіліп, қазақтардың сол күндерге ерекше дайындықпен кірісетіні баяндалған.

Мәселен, малшылар көктемгі жайылымға шығар алдында, «бесқонақ» күндерін есептеп, малды суықтан қорғауға тырысқан. Кейінгі тарихи деректерде де бұл құбылыстың мал шаруашылығына тигізген әсері ерекше атап өтіледі. «Бесқонақ» кезінде болатын суық толқындар төрт түлікке қолайсыздық туғызып, кейде мал шығынын да әкелген. Сондықтан халқымыз бұл күндерді ерекше бақылап отырған.

Көктемнің бесқонағы – халықтық болжаудың, өмірлік тәжірибенің нәтижесі. Бұл құбылыс халықтың табиғатпен үндесіп өмір сүргенін көрсетеді. Осылайша, «бесқонақ» тек өткеннің бір бөлігі ғана емес, сан ғасырлық мән-маңызын жоғалтпаған көненің көзі, тарихтан сыр шертетін тылсым ұғым.

Қорлан САРЫ